

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ

Шымкент университеті

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасы

ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	Тарих
Мамандық шифры:	5В011400
Дайындау бағыты:	Білім
Берілетін дәрежесі:	Тарих мамандығы бойынша білім бакалавры

Элективті пәндер каталогы 5B011400- «Тарих» мамандығы үшін дайындалды.

Құрастырушылар: т.ғ.к., аға оқытушы Юлдашева Ф.Ю.
т.ғ.к., аға оқытушы **Алиханова .**

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) талқыланды.

Кафедра меңгерушісі
ӘК төрағасы

Тапалов Д.Ж.
Бишеева Б.

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Ералиева Ғ.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың _____ № _____ хаттама) бекітілді.

ОӘК төрайымы

Қозбағарова Б.С.

Кіріспе

5B050100 – «Тарих» мамандығы бойынша білім беру 2 траекторияда ұсынылады:

1. **5B01400** – «Тарих» мамандығының 5B051401-Мұражай және мұрағат ісі мамандандыруының білім беру траекториясы.

2. **5B051400** – «Тарих» мамандығының 5B051402-Этнология мамандандыруының білім беру траекториясы. Бітірушіге «Тарих» мамандығы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі.

5B051400 – «Тарих» мамандығы 5B051401-Мұражай және мұрағат ісі мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

Маман-тарихшының кәсіби қызмет нысаны:

- жалпы білім беретін және арнаулы мектептер
- лицейлер, гимназиялар, колледждер
- оқу құралдарын шығаратын баспалар
- білім департаменттері
- тарих пәні мұғалімдерінің білімін жетілдіру институттары
- бастауыш және орта кәсіптік білім беретін мекемелер.

5B051400 – «Тарих» мамандығы 5B051402-Этнология мамандандыруының білім беру траекториясы бойынша бітіруші төмендегі қызметтер атқара алады.

– мұражайда және мұрағаттарда қызметте; ғылыми зерттеу гуманитарлық зерттеу бағытындағы академиялық ғылыми-зерттеу институттарымен мекемелерінде кіші ғылыми қызметкерлер.

– ғылыми-зерттеу институттарда, жоғары оқу орындарында, мұражайларда, мұрағаттарда, баспаларда, мәдени-ағарту мекемелерінде;

– мемлекеттік және қоғамдық басқару мекемелерінде, референттер және кеңесшілер болып қызмет атқара алады.

– оқу-тәрбиелік (педагогикалық);

– өндірістік- басқару;

– сарапшы- кеңесшілік;

– мәдени-ағартушылық;

Элективтік пәндер каталогы жоғарыда аталған екі білім беру траекториясы бойынша жасалынды. 5B051400 – «Тарих» мамандығы бойынша негізгі оқылатын таңдау пәндері бірыңғай. Кәсіптендіру пәндері циклдерінде мамандандырудың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, кейбір төмендегідей пән айырмашылықтары көрсетіледі.

Кәсіптендіру пәндер циклы

1-білім беру траекториясы

1.1. Тарихи өлкетану, мұражайтану/2кредит/

1.2. Өлкетану /2 кредит/

1.3. Қазақстан этнографиясы /2 кредит/

2.1. Мұрағаттану /2кредит/

2.2. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік құжаттарды пайдалану және жарыққа шығару /2кредит/

2.3. Мұрағат мекемелері/2кредит/

3.1. Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау /2кредит/

3.2. Мемлекеттік мұрағаттар басылымдары /2кредит/

3.3. Қазақстан Республикасында мұражай ісі /2кредит/

4.1. Тарихнама /3кредит/

4.2. Отандық мәдениет тарихы /3кредит/

4.3. Дүние жүзілік өркениет тарихы /3кредит/

5.1. Қазақстан тарихының түпдеректері /3кредит/

5.2. Тарихи өлкетану деректері /3кредит/

5.3. Тұлға аралық қарым-қатынас /3кредит/

2- білім беру траекториясы

1.1. Мұражай ісі /2 кредит/

1.2 Мұражайтану мекемелері /2 кредит/

1.3 Мұражай ісінің теориясы /2 кредит/

2.1. Деректану /2 кредит/

2.2. Тарихты оқытудағы жаңа технологиялар /2кредит/

2.3. Электронды үкімет /2 кредит/

3.1. Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдар /2 кредит/

3.2. Мұрағат қызметінің тарихы/2 кредит/

3.3. Мұрағаттық ғылыми ақпараттық даму тарихы. /2 кредит/

4.1. Қазақ халқының этногенез мәселелері /3кредит /

4.2. Қазақстандағы әлеуметтік -демографиялық процестер /3кредит /

4.3. Қазақ мәдениетінің тарихы /3кредит /

5.1. Этникалық антропологи /3кредит/

5.2. Этникалық демография /3кредит/

5.3. Этникалық процестер /3кредит/

Жоғары оқу орнында 5B051400 – «Тарих» мамандығы бойынша 5B051401-Мұражай және мұрағат ісі және 5B051402-Этнология мамандандыруының білім беру траекториясы элективті пәндер каталогы шеңберінде жасалынып, студенттерге таңдауға ұсынылды.

Цикл атауы: Жалпы білім беру пәндер циклы – 7 кредит (315 сағат)

1.1 Пән атауы: Әлеуметтану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттерге негізгі теоретикалық бағыттар мен ғылымда қолданылатын эмпирикалық әдістер жөнінде кешенді білімдерді беру. Берілген пән әлеуметтік құрылым туралы, әлеуметтік процестер және әлеуметтік институттар - қоғам дамуының өте маңызды элементтері ретінде, әр түрлі әлеуметтанулық бағыттар мен мектептер, жинау әдістемесі және әлеуметтік ақпараттарды өңдеу жөнінде жүйеге келтірілген білімдерді алуға бағытталған.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Адам мен қоғам жөніндегі ғылымдардың ішінен, әлеуметтік дүние, тұлғаның әлеуметтік өзара қатынастары жөніндегі ғылым-әлеуметтану маңызды орынды иеленеді. Қазіргі кездегі әлеуметтік мәселелердің өзектілігін тұлғаның қоғамдағы орнын және адам жөніндегі білімнің рөлін арттырады. Әлеуметтану адамдар өз өмірін қамтамасыз етіп, қоғамдық қатынастарды реттеу үшін, ұрпақ қалдырып, қоғамның біртұтастығын сақтап қалу мақсатында құрған күрделі әлеуметтік жүйені, институттарды түсінуге көмектеседі. Әлеуметтану кез келген құбылысты адамдық тұрғыдан қарастыруға, оның әлеуметтік механизмдері мен салдарын көруге мүмкіндік береді. Әлеуметтік бағытталған нарықтық экономика мен әлеуметтік мемлекеттің түпкі конституциялық қағидаларын тек әлеуметтану пәні арқылы нақты түсініктермен толықтады. Әлеуметтану қоғам туралы ғылым болғандықтан, бұл пәнді оқын студенттердің меңгеруі оларға өз ортасын тануына, қоғамдағы әртүрлі оқиғалар мен жағдайларды түсінуіне септігін тигізеді.

Күтілетін нәтижелері. Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.2. Қазақстандық әлеуметтану ғылымының дамуының негізгі тарихи кезеңдері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты. Қазақстанда әлеуметтік ойдың қалыптасуы қазақ халқының қоғамдық және әлеуметтік болмысының, дүниетанымының, әлеуметтік құндылықтар жүйелерінің айрықша нысандарына байланысты өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу тарихы

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Қазақ әлеуметтану ғылымы қоғамды, оның қойнауындағы сан алуан әлеуметтік, экономикалық, құқықтық саяси діни рухани т.б. құбылыстар мен процестерді ғылыми тұрғыдан түсіндіріп, ұғындырудың жалпы теориялық методикалық негізгі темір қазығы болып табылады. Оның кезеңдері Классикалық кезең - Ш.Уәлихановтан, А.Құнанбаевтан және Ы.Алтынсариннен бастау алады; 2. Дамыған ағарту ісі кезеңі. Қазіргі заманғы Қазақстандық әлеуметтану ғылымының ролі мен мәні барған сайын арта түсуде. Бұл біріншіден, біздің қоғамдық өміріміздің барлық жақтарының реформалануына, екіншіден, қоғамдық өмірде әлеуметтік факторлар мен әлеуметтік ортаның ролі мен маңызының арта түсуіне, үшіншіден, құқықтық мемлекеттің қалыптасып, азаматтар қоғамның орнауына байланысты. Қоғамдық дамуға әлеуметтану ғылымының ықпалы барған сайын арта түсетін болады.

Күтілетін нәтижелері Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар

студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: Ахметова Ж.Ш.

1.3. Пән атауы: Жалпы және әлеуметтік педагогика (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: болашақ әлеуметтік қызметкерлердің бойында жалпы және әлеуметтік-педагогика теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Жалпы педагогиканың теориялық негіздері. Тәрбие – қоғамдық құрылыс ретінде. Біртұтас педагогикалық үрдіс: негізі, ұйымдастыру формалары, жүзеге асыру әдістері. Әлеуметтік педагогиканың пайда болуы мен дамуы. Баланы қоғамда (социумда) дамыту. Әлеуметтік тәрбие. Әлеуметтендіру және оның факторлары. Әлеуметтік-педагогикалық виктимология. Әлеуметтік-педагогикалық қызмет, әдістемесі мен технологиялары. Халықтың әртүрлі топтарымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар жүргізудің ерекшеліктері. Отбасыларымен жүргізілетін әлеуметтік-педагогикалық жұмыстар. Балалықты әлеуметтік қорғау – жалпы адамзаттық проблема ретінде. Девианттық мінез-құлық әлеуметтік проблема ретінде. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар туралы әлеуметтік қамқорлық. Мектептер және әлеуметтік орта: өзара іс-қимыл жасау жолдары.

Күтілетін нәтижелер: Жалпы және әлеуметтік-педагогиканың жалпы мағынасын түсіндіру. Пәнді оқу барысында жалпы және әлеуметтік-педагогика ілімін тәжірибеде қолдана отырып, әлеуметтік процестердің қазіргі таңда білуге және оны қажет уақытта тиімді қолдану. Жалпы және әлеуметтік - педагогика курсының маңызында студент қосымша мәліметтермен жұмыс жүргізіп, осыған байланысты талдаулар жасалынып, пәннің алатын орнын бағалай білуі қажет. Жалпы және әлеуметтік-педагогика оқудың тек теориялық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар дағдылық маңызы бар. Оқу әдістерінде негізінен әлеуметтанудың өзге үрдістермен салыстырғанда ерекшелігіне мән беріп, студенттер тарапынан баяндамалар, эссе, кейс әзірлеу, кешендік сұрақтарға жауап беруге дағдылануы тиіс. Студенттердің кәсіби шеберлігін көтере отырып, өз бетімен қажетті ақпарат жинау мен әзірлеуге дағдылану.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру

Оқытушы: Жанымбеков Ә.Ж.

2.1 Пән атауы: Экономикалық теория негіздері. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: нарыққа өту жағдайында экономикалық теорияның практикалық функциясы елеулі күшейді. Бүгінде экономикалық теория мен шаруашылық жүргізудің практикасындағы қол үзуді болдырмау міндеті қойылым отыр. Шаруашылық жүргізу механизмінің радикалды реформасы экономикалық теория алдында жаңа міндеттер ұсынды. Ол қазіргі экономикалық дамудың ерекшеліктеріне сүйене отырып, өмірдің өзі қойған сұрақтарына жауап беру қажет.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Микро (тұтынушылар, фирмалар, жеке нарықтар) макро (жалпы экономика) және әлемдік шаруашылық пен халықаралық экономикалық қатынастар деңгейінде нарықтық экономиканың әрекет етуінің заңдары мен принциптері туралы білім алуы тиіс; Экономикалық ситуацияларды талдауда, болжауда және мемлекеттің экономикалық саясатының салдарын алды алуды экономикалық үлгілерді пайдалана білуі тиіс.

Күтілетін нәтижелер: Өз бетімен ізденіс жұмыстарның қырсырын игеріп, өзінің тұжырымдарын дәлелді және экономикалық сауатты жеткізе білуі керек.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: магистр Алиева Ф.У.

2.2 Пән атауы: Мемлекет және бизнес. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Болашақ басқару мамандығы бүгінгі күнгі менеджмент тұжырымдалады сапалы ұғынып, оларды кәсіпорын тәжірибесінде ұтымды қолдана білу. Бұл пәннің оқытылуындағы басты мақсат, жас экономист-басқарушы кадрларды Қазақстан Республикасының экономикасының, жекелеген салаларының, кәсіпорындардың тиімділігін жоғарылату үшін, қолдағы бар ресурстарды оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ететін, менеджменттің жүйелік ыңғайы мен функцияларын, әдістерін, техника мен технологияларын, ұйымдастырушылық формалары мен құрылымдары білімді игеруге көмек беру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): «Мемлекет және бизнес» пәнінің міндеті студенттерге инновациялық жобаларды басқару механизімін түсіндіру, заңдылықтарын анықтай отырып, нақты ұйымдастырушылық тапсырмаларды шешу тәсілдері мен әдістерін дайындау жөнінде ұсыныстар беру, яғни менеджментті басқару саласында маманданған, қажетті кәсіпті иеленетін адамға түсінікті болатын ғылыми жүйеге айналдыру.

Күтілетін нәтижелер: Студенттердің инвестициялар саласынан ғылыми және машықтарды алу; Капиталды салымдардың экономикалық негіздеуін білу; инвестициялық тәуекелдерді табу және бағалау әдістемесін үйрену; оларды қысқарту жолдарын үйрену.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: магистр Мырзахметова Ж.Ж.

2.3 Пән атауы: Экономикалық ілімдер тарихы. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Жалпы экономиканы зерттеудің алғы шарты экономикалық ілімдер тарихын зерттеу. Экономикалық ілімдер тарихы пәні мен әдістері. Классикалық саяси экономиканың пайда болуы мен дамуы. Маржинализм және неоклассикалық экономикалық теорияның қалыптасуы. Неолиберализм. Кейнсиандық. Институционалдық. Социалистік ойлардың пайда болуы. XX ғасырдың экономикалық теориясына кеңес ғалымдарының үлесі. Қазақстандағы экономикалық ойлардың пайда болуы мен дамуы.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Экономикалық ілімдер тарихының пәні және әдісі. Ежелгі дүние мен ортағасырдың экономикалық ілімдері. Экономикалық ілімдер тарихының пәні. Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жаздайлар. Шығыс және көне дәуірдегі экономикалық ой-пікірлер. Орта ғасырдағы экономикалық ілімдер. Мануфактура кезеңінен кейінгі дәуірдегі смитшіл классиктердің еңбектеріндегі өзін-өзі реттейтін экономика. С.Сисмонди мен П. Прудон - мануфактурадан кейінгі кезеңнің алғашқы сыншылары. К.Маркстің экономикалық теориясы.

Күтілетін нәтижелер: Экономикалық ілімдер тарихының әдістері. Экономикалық ілім тарихының дамуының жалпы сипаттамасы. Экономикалық ойлардың және олардың таптық табиғатының пайда болуына әсер ететін әлеуметтік-экономикалық тарихи жағдайлар танып білу.

Пререквизиттер: жоқ

Постреквизиттер: жоқ

Оқытушы: э.ғ.к., аға оқытушы Мауленкулова Г.Е.

3.1 Пән атауы: Құқық негіздері. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Қазақстан Республикасындағы құқықтық мемлекеттілікті жетілдірудің қажетті шарты ретіндегі қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу, оқушылардың әлемдік танымын қалыптастыру, қоғамдық және құқықтық мәдениет және жеке құқық танымын жоғарылату.

Оқу пәнін оқыту мақсаты қазіргі қоғамның қажеттілігі мен мүддесінен туындап отыр. Оқуының негізгі мақсаты заң мамандығын алмайтын студенттерге мемлекет және құқық теориясының негіздерін меңгеру, ұлттық құқықтың жетекші салаларының шеңберінде қажетті білім беру. Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси- құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Құқық негіздері болашақта өздерінің азаматтық құқықтары мен міндеттерін іске асыру үшін, еңбекке құқығын жүзеге асыру, қоғамның және еліміздің қоғамдық- саяси өміріне белсенді қатысуға, оқушыларға заң білімдерін кешенді нысанда меңгеруге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелері: Бұдан басқа міндет ретінде: қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен ролін анықтау, Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің дамуының алғышартымен және мәселелерімен таныстыру, қазақстандық мемлекеттік- құқықтық механизмнің жетілдірілуінің саяси - құқықтық жолдарын анықтау, субъективтік құқықтар мен субъективтік юридикалық міндеттерді жүзеге асыруға қажетті тәжірибені жинақтауға үйрету.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Палванова М.

3.2 Пән атауы: Еңбек құқығы. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Азаматтар еңбек ету бостандығын, конституциялық құқығын әр түрлі нысанда қолдана алатыны. Еңбек құқығы дербес құқық саласы болып табылады, оның пәні, әдісі қағидалары бар және басқа құқық салаларынан айрықша ерекшеленеді. Практикалық қызметке жоғары кәсіби дайындау, болашақ заңгерлерді парасатты тұлғалар қатарына қосу. Еңбек құқығы дүниежүзілік заңнама мен құқықтанудың дамуына әсер етті. Әрбір сауатты заңгер еңбек құқығымен танысуға тиіс. Бұл пәннің мақсаты осы кезде халықаралық құқықта түрлі мемлекеттердің сауда және басқа азаматтық еңбек қатынастарында қолданылатын еңбек құқықтан бастау алған заң термин сөздерін меңгеру болып табылады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының еңбек құқығы еңбек заңдылығының жүйесі, оның қағидалары, мақсаттары және құрлымы туралы мағлұмат алуы керек, оларды жетілдіру тарихын машықтау қажет, қызметкерлердің кейбір санаттарымен жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін білуі керек, жалақының нысандары мен жүйесін қамтуы керек, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және еңбек заңдылығын нормаларын қолдана білуі керек. Еңбектік және зейнетақылық салада сапалы кеңес беру, сонымен қатар еңбек құқығын еңбектік және әлеуметтік қамсыздандырушылық құқықтық қатынастарды жүзеге асыру үрдісінде пайдалана білуі керек.

Күтілетін нәтижелері: «ҚР еңбек құқығы» курсын оқып бітірген соң студент ҚР еңбек заңдылығының жүйесін, оның қағидаларын, мақсаттары және құрылымы туралы мағлұмат алады; Қызметкерлердің кейбір санаттарының жеке еңбек шартын бекітудің ерекшеліктерін білуі қажет, жұмыс уақыты мен демалыс уақытын белгілеу тәртібін,

жалақының нысандары мен жүйесін қамту керек; Лауазымды тұлғалар мен қызметкердің еңбек заңдылығын бұзғаны үшін заңды жауапкершіліктің әр түрлі түрлерін пайдалануды үйренуі керек, еңбек құқығының теориясын және заңдылығының нормаларын қолдана білу керек.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Жаналиева А.

3.3 Пән атауы: Әкімшілік құқық. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты: Әкімшілік құқық негізгі заң білімін беретін міндетті пәндердің бірі болып табылады. Әкімшілік құқық атқарушы биліктің ресімделуін түсіну үшін, биліктің субъектісін дараландырып, атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуымен байланысты қатынастарды, сондай-ақ азаматтар мен мемлекеттік емес ұйымдар мен мемлекеттік басқару органдары арақатынасы кезінде пайда болатын қатынастарды реттейді.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі жарияланғаннан кейінгі уақытта Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси және құқықтық жүйелері елеулі түрде өзгереді. Осындай жағдайларда әкімшілік құқық құқық жүйенің негіздеуші саласы ретінде жаңа түрін алады. Егеменді Қазақстанның жаңа мақсаттарына сәйкес экономикалық, саяси құқықтық және әлеуметтік мәдени салаларының әкімшілік құқықтық институттарын қайтадан қарастыру мүмкіндігі туындап отыр; құқықтық мемлекет идеялары билікті бөлу, адамның құқықтары және бостандықтарының басымдылығын қарастыру кезінде әкімшілік құқығының проблемаларын ескеру қажет. Мемлекет ролінің, мемлекеттік басқарудың мәні, нысаны және әдістерінің өзгеруі әкімшілік құқықтың жалпы және ерекше бөлімдерінің құралымы мен мазмұнын сын көзбен қарауын қажет етеді. Заңнаманың жаңаруы және оның тұрақты түрде өзгеріп отыруы әкімшілік құқықтық нормалар мен институттардың мазмұнына әсер ететін маңызды деректердің бірі болып табылады.

Күтілетін нәтижелері: басқармалық қатынастардың ерекшеліктері мен мағынасын, басқармалық қатынастарды реттеудегі әкімшілік құқықтық нормалардың қызметін білу, әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтық орнын, әдістері мен түрлерін түсіну. әкімшілік құқықтың субъектілерінің жұмысында заңдылық тәртібін қамтамасыздандыратын тәсілдерін белгілеу.

Пререквизиттері: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизиттері: жоқ

Оқытушы: Жаналиева А.

Цикл атауы: Базалық пәндер циклы 49- кредит (2205 сағат)

1.1 Пән атауы: Саясаттану (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Саясат теориясының даму кезеңдердегі, оның әр түрлі теориялық -әдістемелік негіздерінің мазмұны бойынша осы оқу пәнінің іргелес сипаттағы маңызын талдап, студенттерге терең білім беру. Саяси ғылымның көкейкесті маңызды проблемаларын зерделеу әлемдік саяси үрдісті сипаттайтын негізгі қазіргі замандағы саяси жүйелерді түсіндіру осы арнайы пәннің мақсаты болып табылады. Бағамда саяси үрдіс басты кезеңдерін сипаттауға жарайтын саяси жүйелер гистологиясының сипаттамасы беріледі, типология, режим сипатына, институционалды жүйелер құрылысына, құндылықтардың іргелі өлшемдеріне орайлас саяси жүйелердің түбегейлі ерекшеліктері толық баяндалады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Саясат туралы жалпы түсінік. Саяси ғылым және теориялық негіздері Саяси институт Саяси даму және өзгеріс. Саяси институт Саяси жүйе Саяси процесс Саяси билік және оның түрлері

Күтілетін нәтижелері саясат теорияның тарихи моделдерін қарастыра білу; болашақ жоғары білімді мамандарға тарихи мұраларды маңызды құндылық санатында қарап, оларға азаматтық және ізгілік сипатын қалыптастыра білу

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизит: Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к. доцент Байғабылов Х.

1.2 Пән атауы: Саяси ілімдер тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Студенттерге саяси өмір саласындағы күрделі құбылыстар мен тенденцияларға өз бетінше талдау дағдысын ұялату, саясат туралы қажетті білім беру, студенттердің санасында ұғымдық ақпаратты қалыптастыруға ықпал ету. Студенттерді Қазақстандағы және одан тыс жерлерде жүріп жатқан саяси процестерді ұғынуға және еркін бағалай алу ептілігіне тәрбиелеу; Саясаттың мәнін, мүмкіндіктерін, шекараларын, куелешегін және негізгі түрлерін үйрету

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Саяси ілімдер тарихы мен саясаттану БҰҰ-ның арнайы құрылымдық бөлімі –Юнеско міндетті түрде оқылатын пәндер тізіміне енгізіп бекіткен әлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі маңызды оқу пәні. Саясат қазіргі қоғамның тіршілік әрекеті аспектісі ретіндегі оның объектісі болып табылады. Саясаттану саясаттың өмір сүру заңдарын, оның тарихи дамуын зерттейді. Саясаттанудың мазмұны сонымен қатар, билік, мемлекетаралық қатынас мәселелерінен де тұрады. Саясат теориясы антикалық дәуірден бастап, бүкіл өркениет тарихы бойы дамыса да қоғамдық білім саласы ретінде саясаттану XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші жартысында қалыптасты. Қарқынды дамушы ғылым ретіндегі саясаттанудың маңызды бүкіләлеуметтік-гуманитарлық білім жүйесіндегі идеалардың өзіндік катализаторы іспетті ерекше артып отыр.

Күтілетін нәтижелері Студент саяси ілімдер тарихы пәнін терең оқып білу арқылы саясат теориясын игереді. Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизит: Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к. доцент Тапалов Д.

1.3 Пән атауы: Қазақстандағы саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстар тарихы(3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Өзара байланысты және тұтас әлемнің қалыптасу процесстерінің кезеңдері, халықаралық қауіпсіздік үшін прогрестік күштер күресінің тарихи тәжірибесі, Қазақстан Республикасы сыртқы саясатының басым міндеттері, бағыныстары мен қағмдаттары, қарусыздандыру және ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құру процесіндегі оның рөлі, Қазақстанның ТМД және дүние жүзі елдерімен ынтымақтастығының жағдайы және перспективалары.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақстандағы саяси партиялармен қоғамдық қозғалыстар пәнінің мақсаты мен міндеттері. Қазіргі кездегі Қазақстандағы саяси партиялардың міндеттері және оның атқаратын қызметтері. Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстарды зерттеу. Қазіргі жағдайдағы Қазақстандағы саяси ойлардың ерекшеліктерімен негізгі бағыттары. Саяси ұғымы және оның пайда болуы. Қазақстан халықтары Ассамблеясы жүйелі қоғамдық-саяси институт ретінде. Дәрістің алдына қойылатын мақсат-өркениеттің дамуындағы бүгінгі түбірлі жаңа өзгерістер кезеңінің дамуы мен ерекшеліктерін сипаттайтын материалдарды студенттердің жүйеленуі және жинақтауына, қырғиқабақ соғыс пен қарама-қарсы әлемнің күйреуінен кейін мемлекеттердің жаңа типті қарым-қатынастарын қанша өзгертуге ішкі процесстердің

өзара байланысы, олардағы әділ де қауіпсіз өмірді қамтамасыз етуді түсінуге көмектесу. Халықаралық қатынастары мен Қазақстан Республикасының сыртқы саяси қызметіне байланысты құжаттарды оқып үйрену болашақ мамандардың кәсіптік шеберлігін жаңа саяси және құқықтық идеологиясын халықаралық құқық жүйесінде үйлестіре біліді қалыптастыруға бейімдеуі тиіс.

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы

Постреквизит: Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: аға оқытушы Исмаилов Е.

2.1 Пән атауы: Қазақ халқы мәдениетінің тарихы (3 кредит 135 сағат)

Оқытудың мақсаты. Бүгінгі таңда әлеуметтік және экономикалық саясаттың нысанасы-адам және оның тұрмысы, еңбегі, отбасы, рухани дамуы, өмір салты болып табылады. Қазіргі таңда төл мәдениетімізді дамыту қоғамда кеңінен көтеріліп жүрген әлеуметтік проблемалардың бірі. Сондықтан жастарға осы пән – мәдениет туралы білім берудің және тәлім - тәрбие берудің негізгі бір жолы. Ол студенттерді эстетикалық, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Қазақ мәдениетінің тарихы» курсы Қазақстан Республикасындағы қазақ мәдениеті дамуының тарихын ашады. Оның негізіне алғашқы қауымдық құрылыстан бастап қазіргі заманғы кезеңге дейінгі қазақ халқының мәдениетінің қалыптасу кезеңдері жөнінде нақты деректер береді.

Бұл курс Қазақстан тарихымен тығыз байланыста. Берілген оқу курсы алғашқы қауымдық құрылыстан бастап қазіргі кезеңге дейінгі мәдениет тарихын қамтиды

Күтілетін нәтижелері. Халықтың озық әдет-дәстүрлерін кеңінен насихаттау, одан ғибрат алуға үндеу, тозық дәстүрлерден аулақ болуға шақыру.

Студенттерді өз туған жерін, елін, ата-баба мұрасын құрметтеуге, өз отбасын сыйлауға, сүйеге тәрбиелеу

Пререквизиттер: Мәдениеттану

Постреквизиттер: Отандық әлеуметтану тарихы

Оқытушы: т.к.т., аға оқытушы Абдиханова А.Ж.

2.2. Пән атауы: Қазақ халқының салт-дәстүрлері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: тарихи қосалқы пәндердің негізгі салаларын оқыту арқылы тәуелсіз еліміздің тарих ғылымының дамуына оның тарихи оқиғаларының шынтуайттық негізде, жан-жақты толық жазылуына үлес қосар зерттеушілер дайындау. Қазақ халқының салт-дәстүрлері Қазақстан тарихының құрамдас бөлімі болып табылады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын келешек ұрпақтарға үйрету мәселесі терең тоғануды керек ететін мәселе. Дәстүрсіздік өсіп келе жатқан ұрпақ үшін үлкен қасірет. Дәстүрсіздік имансыздықтан айырады. Біздің қазақ халқының салт-дәстүрін санап жеткізу қиын. Халқымыздың бір күнде емес, бір айда емес мыңдаған жылдар боцы сан ғасырдың таразысының талқысына салып, сан ғасырдың елек елеушісінен өткізген, басқа халықта сирек кездесетін дәстүрлер баршылық.

Тарих мамандығына сәйкес қазақ халқының салт-дәстүрлері пәнін оқытуда негізгі міндеттер студенттерді Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен олардың алғы шарттары, сияқты негізгі түсініктерді үйрету. Қазақ халқының салт-дәстүрін,

әдет-ғұрпын білудің студент-жастар үшін ғана емес, көпшілік оқырмандар үшін де маңызы зор.

Күтілетін нәтижелері Жоралғылар арқылы халқымыздың қадыр қасиетін, рухани болмыс-бейнесін, таным табиғатын, өмірлік тәлімін, өнеге өрісін, тұрмыс-тіршілігін, сонымен қоса адамгершілік этикалық қағидаларын таныту мәселесі зерттелінеді.

Пререквизит: Этнология, қосалқы тарихи пәндер

Постреквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы.

Оқытушы: магистр, аға оқытушы Ералиева Ғ.

2.3 Пән атауы: Әлем мәдениетінің тарихы (3 кредит 135 сағат)

Оқытудың мақсаты: Студенттердің адамзат баласының мәдени жетістіктерін игеруге, мәдениеттің қалыптасуы мен дамуының әмбебаптық заңдылықтары мен негізгі түрлерін меңгеруге және әлемдік мәдениеттің інжу – маржанын өз беттерімен түсініп – білуге кәсіби деңгейлерін одан әрі артыруға бағдарлау болып табылады

Қысқаша мазмұны: Архаикалық греция. Көне заманғы діни наным-сенім. Палеолит, мезолит, неолит дәуірлеріндегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі. Көне Шығыс өркениеттері. Ежелгі Египет мәдениетінің басты ерекшеліктері. Ежелгі Мысырлықтардың менталитеті, иероглифтік жазба өнері және наным-сенімдері. Египет пирамидалары.

Ежелгі Қытай мәдениетінің қайнар бастау-лары мен ділдік ерекшеліктері. Қытай мәдениетінің архетипі: инь мен янь, аспан ырғақтары және Конфуцийлік, даолық генотип. Ортағасырлық мәдениеттің діни және көркемдік канондары, христианшылық. Інжілдің мәдени-тарихи мағынасы. Христиандық философияның қалыптасуы және дамуы. Романдық және готикалық стильдер.

Күтілетін нәтижелер: Түрлі мәдениеттанулық мектептердің идеяларын, олардың бағыттарын талдау. Қоғам мәдениетінің қазіргі даму жағдайы мен бағыттарын мәдениеттанулық тұрғыдан сипаттама беру, оларға тиісті баға бере отырып болашағын болжамдау. Отандық мәдениет тарихын, оның қазіргі мәселелерін және даму болашағын зерделеу

Пререквизит: Алғашқы қауымдық қоғам тарихы

Постреквизит: археология, орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы

Оқытушы: т.к.т., доцент Тапалов Д.

3.1 Пән атауы: Топонимика (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты «Топонимика» курсының негізгі мақсаты болашақ мұғалімдерді бүгінгі география ғылымына теориялық-әдіснамалық білімдерінің негіздерімен қаруландыру болып табылады. Сондай-ақ, қоғамдық экономикалық жағдайларының динамикалық өзгеру жағдайындағы оқушының жеке басын қалыптастыруды тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыра білу икемдігін қалыптастыру болып табылады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Топонимдер және топонимика туралы түсінік. Топонимиканың теориялық негіздері. Қазақстан мен Орта Азияның топонимикалық жүйесінің қалыптасуы. Тарихи топонимдер топонимика ғылымының негізі ретінде. Жергілікті жер-су атауларының қалыптасуы. Тарихи оқиғаларға байланысты қойылған тарихи жер атаулары.

Күтілетін нәтижелері «Топонимика» курсының қарастыратын тақырыптары дүние жүзіндегі мемлекеттердің географиялық орны, пайдалы қазбаларына байланысты атаулар, халықтар этимологиясы, топонимиканың даму деңгейі, экологиялық жағдайлары т.б. салалары игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы қойылатын талаптарына сай қалыптасады.

Пререквизит: Ежелгі дүние тарихы.

Постреквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия мен Африка елдерінің жаңа заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Мырзалиева З.

3.2 Пән атауы: Оңтүстік Қазақстан тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Курсты оқыту барысында студенттерді Оңтүстік Қазақстан территориясын мекендеген ежелгі және орта ғасырлардағы халықтардың этникалық құрылымын аймақтық орналасуын, салт-дәстүрі мен мәдени мұраларымен таныстыру. Оңтүстік Қазақстан тарихы дүние жүзі тарихының құрамдас бөлімі, біртұтас процесс ретінде қарастыру. Қазақстан тарихына ерекше көңіл бөлу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Оңтүстік Қазақстандағы тас дәуірі. Оңтүстік Қазақстанды мекен еткен тайпалар мен рулар. Орта ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан. Кейінгі орта ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстан өлкесі. Қазақ хандығы құрылу қарсаңындағы Оңтүстік өңірі. ХҮІІ-ХІХ ғасырлардағы Оңтүстік. Оңтүстік Қазақстан өлкесінің шежіресі. Оңтүстік қазақстан ежелгі кезеңде. Тайпалық бірлестіктердің оңтүстікті мекен етуі. Орта ғасырлардағы Оңтүстік өлке. Оңтүстіктің Қоқан, Хиуа қоластына қарауы. Оңтүстіктегі ұлт-азаттық күрестер. Өлкенің Ресей қоластына өтуі. Оңтүстікте Кеңес мемлекетінің орнауы. Тәуелсіздік жылдарындағы өлкенің әлеуметтік, экономикалық дамуы.

Күтілетін нәтижелері Оңтүстік Қазақстан тарихын игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы қалыптасады. Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі. Білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар қалыптасады.

Пререквизит: Орта ғасырлардағы Қазақстанның тарихы

Постреквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы.

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Тулепбаева А.

3.3 Пән атауы: Тарихи география (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Тарихи география пәнін оқыту арқылы дүние жүзі тарихи географиясын тарихи және антропогендік ортаның экологиялық дамуын зерттеу

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Әлем астаналары, тарихи-мәдени орталықтарына сипаттама. Дүниежүзілік туристік ұйымның тізіміне енген әлемдік туристік орталықтар. Студенттерге табиғи және антропогендік геожүйе шекарасындағы қоршаған ортаның, кеңістіктегі экологияның фонын зерттеп білу арқылы ондағы қолайлы экологиялық жағдайды сақтау немесе қайта қалпына келтіру жөніндегі нұсқау түріндегі ұсыныстар даярлау. Геоэкология үшін ең негізгілері: геожүйелердің тұрақтылығын және жоғарғы өнімділігін сақтау, табиғи антропогендік ландшафттар шегіндегі қоршаған ортаның экологиялық жағдайының нашарлап бұзылу құбылыстарын болдырмау.

Күтілетін нәтижелері Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия мен Африка елдерінің жаңа заман тарихы.

Постреквизит: Іс-тәжірибелер, Диплом жұмысы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Мұсақұлова Г.

4.1 Пән атауы: Археология (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Археологияны оқытудың басты мақсаты – тарихи урдістерді қалайша археологиялық деректер жаңғырта алатындығын көрсету, сондай-ақ тарих

ғылымы үшін археологияның танымдық маңызы мен ролін айқындау, археологияның қазіргі дәрежесі мен деңгейіне, оның шешімдері мен міндеттеріне, болашағына студенттер назарын аудару деуге болады. Тарихи үрдістерді қалайша археологиялық деректер жаңғырта алатындығын көрсету, сондай-ақ тарих ғылымы үшін археологиялық танымдық маңызы мен ролін айқындау, археологияның қазіргі дәрежесі мен деңгейіне, оның шешімдері мен міндеттеріне, болашағына студенттер назарын аудару деуге болады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Тас ғасыры. Археологиялық және геологиялық кезендер. Антропогенез. Палеолиттік өнер. Қола дәуірі.

Ерте темір ғасыры. Скиф-сармат мәдениеті. Қара теңіздің солтүстік жағалауындағы ерте қалалар мен мемлекеттер. Қара теңіздің солтүстік жағалауын римдіктердің игеруі. Ресейдің орманды далалы массивіндегі ерте темір ғасыры. Орта ғасырлық Азия ортағасырларда. Түркі-қыпшақтардың археологиялық ескерткіштері. Қазақстанның ортағасырлық археологиясы.

Күтілетін нәтижелері Археология – ежелгі дәуір мен кейінгі орта ғасырлардағы адамзат қоғамы дамуының заңдылықтарын зерттейтін, жазбаша ескерткіштер болмаған жағдайда оны материалдық ескерткіштер арқылы зерделейтін ғылым саласы болып табылады. Сол себепті де археология бүкіл әлемде тарихқа қызуғушылық танытатындар үшін аса маңызды да, қажетті ғылым ретінде есептелінеді.

Пререквизит: Пед мамандыққа кіріспе.

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Орта ғасырлардағы Азия мен Африка тарихы

Оқытушы: аға оқытушы Исмаилов Е.

4.2 Пән атауы: Қазақстан археологиясы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Археологиялық деректер мағлұматтарына қарап Қазақстан территориясының алғашқы қоғам, көне және ортағасыр халықтарының культурогенезін жаңалау. Орталық Азия мен Қазақ даласының жергілікті дархан жазирасында көне және ортағасыр дәуіріндегі мемлекеттердің тарихи-мәдени процесін қалыптасуы мен дамуын археологиялық мәдениетін зерттеу негізінде деректі дәлелдеу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Оқу процесіндегі түсінудің негізгі мақсаты – даму процесіндегі өзара детерминизмін толық игеру, әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдениеттің өзара әрекеттесуі мен өзгеруі болуы керек. Халықтың мәдени генезисіндегі аймақтық ерекшеліктерді ескере отыра, археологиялық ескерткіштер мен артефакт материалдарын салыстырмалы анализ әдісімен кезеңдегі этнотарихи жағдайларындағы кеңінен танымал кешендердегі материалдарын, кең географиялық аймақтар шеңберінде жүргізу керек. Орталық Азияның геологиялық тарихи жағдайы, тас дәуіріндегі палеогеографиялық жағдайы және адамның пайда болуы мен эволюция проблемасы

Күтілетін нәтижелері Халықтың мәдени генезисіндегі аймақтық ерекшеліктерді ескере отыра, археологиялық ескерткіштер мен артефакт материалдарын салыстырмалы анализ әдісімен кезеңдегі этнотарихи жағдайларындағы кеңінен танымал кешендердегі материалдарын, кең географиялық аймақтар шеңберінде жүргізе білу керек. Орталық Азияның геологиялық тарихи жағдайы, тас дәуіріндегі палеогеографиялық жағдайы және адамның пайда болуы мен эволюция проблемасын білу

Пререквизит: Алғашқы қоғам тарихы, Археология, Қазақстан археологиясы, Антропология

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д.

4.3 Пән атауы: - Археология негіздері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты “Археология негіздері” пәнінің берілуі дала өркениетінің тарихи-мәдени дамуы және Қазақстанның көне халықтарының мәденигенезісі мен

дүниежүзілік өркениетті қоғамның құрылуы процесі мен байланысының жан-жақты және объективті заңдылығының мағынасын ұғыну

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары): Археология ғылымының жалпы даму тарихымен таныстыру. Археологиялық мәдениет және этнос мәселесі. Археологиялық деректерді талдау және жіктеу. Археологиялық зерттеулердің құрылымы. Далалық жазба жүргізу және оның маңызы. Жіктеудің түрлері. Археологиялық түрлік әдістің шығуы. Пән география, мәдениеттану, тарих, тіл, антропология пәндерімен тығыз байланыста оқытылады.

Күтілетін нәтижелері. Білім алушы өз беттерінше деректанулық және тарихнамалық зерттеу жұмыстарын жүргізуге білу. Даму процесіндегі өзара детерминизмін толық игеру, әртүрлі тарихи кезеңдегі мәдениеттің өзара әрекеттесуі мен өзгеріс принциптерін білу

Пререквизит: Алғашқы қоғам тарихы, Археология, Қазақстан археологиясы, Антропология

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Юлдашева Ф

5.1 Пән атауы: Алғашқы қауымдық қоғам тарихы (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Курстың негізгі мақсаты – студенттерді адамзат өмірінің бастапқы кезеңін құрайтын алғашқы қоғам тарихымен таныстыру. Осы иән барысында олар адамның пайда болуы және эволюциясы, қоғамдық қатынастардың қалыптасуы, материалдық және рухани мәдениеттің пайда болуы және дамуы, алғашқы қоғамның көркеюі, оның ыдырау себептері сияқты көптеген маңызда мәселелер бойынша ғылыми мәліметтермен танысуға мүмкіндік алады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Алғашқы қоғам деп аталатын адамзат тарихының ең ежелгі кезеңі бірнеше миллион жылдарды қамтиды. Осы уақыт аралығында жаңа физикалық келбеттегі адамның қоғамның өндіргіш күштерінің, әлеуметтік және жанұялық-некелік институттардың қалыптасуы болып өтті, негізгі нәсілдік және антропологиялық түрлер, халықтар және тілдер пайда болды. Осы ғылымдардың мәліметтерін жинақтау қорытындылары алғашқы қоғамды жан-жақты реконструкциялау мүмкіндігін береді.

Күтілетін нәтижелері Алғашқы тарих басқа тарихи пәндерден әртүрлі ғылымдар, бірінші кезекте археология, этнология және палеоантропология тарапынан алынған деректер мәліметтеріне негізделгенімен бөлініп тұрады. Алғашқы мәселелерді зерттеуде басқа гуманитарлық және табиғи – тарихи ғылым салалары – лингвистика, жазба, палеогеография, геология, археозоология, археоботаника, физика және химия мәліметтері кең пайдаланылады.

Пререквизит: Пед мамандыққа кіріспе

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Жанысбеков Ә.

5.2 Пән атауы: Тас дәуірі (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Тас дәуірі ғылымындағы туындайтын іргелі мәселелерді, олардың негізгі танымын, археологиялық зерттеулерді жүргізу ерекшеліктерін игере білуі керек; археология және палеолит саласындағы базалық теорияларын, археология тарихын, археологиялық зерттеуді жүргізу әдістерін, археология саласындағы теориялық және қолданбалы зерттеулердің негіздерін игере білуі қажет.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Тас дәуірі курсы дүниежүзінде орналасқан тас ғасыры ескерткіштері мен мәдениеттерін зерттеу, тас ғасырындағы тас өңдеу техникаларының орын алуы, ежелгі адамдардың пайда болуы мен тас дәуірінің мерзімдері мен кезеңдеулері мәселелерін қарастырады. Сонымен қатар осы территориялардағы ескерткіштер туралы мәліметтер беріледі. Жалпы, тас дәуірінің

ескерткіштерінің бүкіл әлемдік адамзат тарихы археологиясындағы алатын орны айқындап көрсетіледі

Күтілетін нәтижелері 1.Әлемдегі тас ғасырының ескерткіштері туралы мәлімет беру.

2.Еуразия даласындағы тас ғасыр қоныстарының құрылымы туралы мәлімет алады.

3.Тас ғасырындағы тасты қашау техникасы туралы білім алады.

4.Тас ғасырының мәдениеттерінің сипаттамалары беріледі.

5.Салыстырмалы- тарихи анализ, типология;

6.Тарихи қорытынды жасай білу.

Пререквизит: Алғашқы қоғам тарихы, Археология, Қазақстан археологиясы, Антропология

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Жанысбеков Ә.

5. 3 Пән атауы: - Теориялық археология және этнология 2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Адам баласының пайда болуы туралы, оларда қандай еңбек құралдары болғаны, олар қалай аталған және тас дәуірінің үшке бөлінгендігі туралы түсінік беру

студенттерге алғашқы қауымдық құрылыс заманында Қазақстан жерін мекендеген тұрғындардың шаруашылығы, материалдық және рухани мәдениетін оқытып үйрету арқылы еліміздің түрлі аймақтарында өмір сүрген тайпалардың тіршілігі туралы біртұтас ұғым ретінде қалыптастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі қоныстар, жерлеу орындары, кеніштері, тастағы суреттері. Археологиялық жәдігерлердің өзін не болмаса суретін көрсете отырып талдау арқылы іске асады. Ежелгі дәуірінің қонысытары, қазбадан шыққан заттар. Кей сабақтарын музей экспозициялары, экспонаттарын пайдалану. Алғашқы қауымдық дәуірдің Қазақстанның көне заман тарихында маңызы.

Күтілетін нәтижелері Ғылыми ойлауды, өз ойын жеткізе алуды меңгеру Ежелгі дәуірінің мәдениеттерінің Қазақстан мен оған шектес территориялардан табылған ескерткіштермен таныстыра білу; Қазақстан жеріндегі ежелгі дәуірінің мәдениетінің археологиялық ескерткіштердің орналасуын сипаттай білу; болашақ археологтарды ежелгі тұрғындардың материалдық мәдениетінің негізгі ерекшеліктерін айқындауға үйрену; Қазақстан жеріндегі ежелгі дәуірі адамдардың қарулары мен құрал-саймандарының жасалу жолдарын айқындау білу.

Пререквизит: Алғашқы қоғам тарихы, Археология, Қазақстан археологиясы, Антропология

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д

6.1 Пән атауы: Этнология (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстанды мекен етуші халықтардың этнографиясын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қарастыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Пәннің негізгі зерттеу объектісі-этностың пайда болуы, оның тарихи эволюциясы, қазіргі өмірі, дәстүрлі тарихи мәдениеті, шаруашылық мәдени типі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрлері. Әлем халықтарының этнографиясы және Қазақстан этнографиясы. Қазақ халқының этнографиялық зерттелу тарихы.

Күтілетін нәтижелері Қазақстан этнографиясы бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Пед мамандыққа кіріспе.

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Абдиханова А.

25.1 Пән атауы: Мұрағаттану (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан республикасының ұлттық мұрағат қорымен таныстыру, оның жүйелерін үйрету. Қазақстан Республикасындағы мұрағат және мелекеттік мұрағаттану функцияларымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Мұрағаттану пәнінің мақсаты мен міндеттері. Қазақстандағы мұрағат ісінің қалыптасуы және дамуы. 1918-1990 жылдардағы Қазақстанда мұрағат құрылысы. Қазіргі замандағы Қазақстандағы мұрағат ісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағат. Мемлекеттік облыстық мұрағаттар. Мұрағат ісін құқықтық негізде қадағалау. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету. Құжаттарды есептеу. Ұлттық мұрағат қорын жасақтау және оны толтыру көздері. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі.

Күтілетін нәтижелері Мұрағат құжаттарын пайдалану. Мемлекеттік қордың каталогтар жүйесін зерттеп меңгереді.

Пререквизит: Пед мамандыққа кіріспе.

Постреквизит: Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Тулепбаева А.

25.2 Пән атауы: Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік құжаттарды пайдалану және жарыққа шығару (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты студенттер әлеуметтік-құқықтық сипаттағы анықтама жазу үшін мұрағат қорынан, құжаттардан істерді іздеу. Мемлекеттік документтерге экспертиза жасау, документтерді есепке алу, сақтау, аса құнды документтермен жұмыс, архив қорын құру

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Мұрағаттану - мұрағат пайда болу заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән, оған мұрағат ісінің теориясы мен практикасы, мұрағаттардың құрылымы, қызметі мен тарихы, ғылыми мәні бар құжаттардың іріктелініп алынып, сақталуын қамтамасыз етудің әдістері мен жолдарының, құжаттардың ғылыми-анықтамалық аппаратын жасаудың, мұрағат қорларын пайдалануды ұйымдастырудың негізгі принциптері жатады.

Күтілетін нәтижелері Құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету (ғылыми жинақтау); қор құрамын зерттеу, жүйелеу(зерттеулік); ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау; құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету(баспалық, жарнамалық)

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Абдиханова А.

25.3 Пән атауы: Мұрағат мекемелері (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Мұрағаттардың негізгі мақсаты – мұрағаттарда сақталудағы құжаттарды мемлекет пен қоғамның мүддесіне сай ғылыми-мәдени, әлеуметтік-құқықтық және т.б.мақсаттарға пайдалану. Мұрағаттар плакат, буклет, құжаттар жинағын, құжатты жарияланымдар дайындайды, даңқты және есте қаларлық атаулы күндердің күнтізбесін жасауға қатысты. Атап айтсақ,: «Шымкент облысындағы – Кеңес Одағының батырлары», «Шымкент облысы Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Боздақтар»-«Книга памяти», «Жол бағыттаушы». Мұрағат мемлекеттік өкімет органдарын, мемлекеттік және жекеменшік мекемелердің сұранысын өз бастамасымен қанағаттандыра отырып, сонымен қатар тақырыптық және әлеуметтік-құқықтық тапсырыс-өтініштерді орындайды.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) 1. ҚР-сының Орталық мемлекеттік мұрағаты 1921 жылы Орынбор өлкелік мұрағаты негізінде құрылған (Алматы). Құжаттар қорында 1917 жылға дейін Қазақстан тарихы бойынша республика көлеміндегі Сібір қазақтарының шекара басқармасының, Орынбор қазақтарының люлыстық басқармасы, округтік приказдар, ішкі қырғыз Орласын басқару жөніндегі Уақытша Кеңес, Дала генерал-губернаторлығы Кеңесінің, Семей, Торғай, Жетісу уездік басқармалар мен сот-полиция, мәдени-ағарту органдарының құжаттары сақталған.

ҚР-сының Президентінің мұрағаты 1994 ж. құрылды. - бұрынғы ҚазССР Коммунистік партия мұрағаты (қорында Парламент, Сенат, Президентің құжаттары жинақталады) (Астана)

2. республикалық маңызы орталық мемлекеттік мұрағаттар: Кинофотофоноқұжаттар және дыбыс жазулар мұрағаты (1943 ж.), Ғылыми-техникалық құжаттамаларының Орталық мемлекеттік мұрағаты (1974 ж.) (Алматы қаласы)

3. облыстардың, қалалардың, аудандардың мемлекеттік мұрағаттары мен олардың филиалдары кіреді. (1934 ж. бастап Оңтүстік Қазақстан облыстық мұрағаттар және құжаттама басқармасы)

Күтілетін нәтижелері мұражай заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімінің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д.Ж.

26.1 Пән атауы: Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Курстың маңыздылығы, шығармашылық таңдау және тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі теоретикалық, практикалық жетістіктерінің байланыстары туралы. Ғылымның дамуы мақсатында ескерткіштерді халықтық білім және мәдени, отансүйгіштік, эстетикалық тәрбиеге пайдалану.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Тарих және мәдени ескерткіштерді қорғау-мәдени ортаның элементі ретінде. Тарихи мәдени ескерткіштердің түрлері. Ескерткіштерді мемлекеттік қорғау. Ескерткіштерді сақтау жөніндегі мемлекеттік саясат. Тарихи мәдени ескерткіштер түрлері әлемдегі тарихи мәдени ескерткіштер туралы мәліметтер. Қазақстандағы мәдени ескерткіштер Қожа Ахмет Ясауи мовзалейі, Айша бибі, Қарахан мовзелейі т.б. және осы тарихи мәдени ескерткіштердің қорғалуы.

Күтілетін нәтижелері Қазақстан халықтарының өмірдегі маңызды оқиғаларының, мәдениет ескерткіштері мен тарихи шындықтарының пайда болу болмысы бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім қалыптастырады.

Пререквизит: Орта ғасырлардағы Азия мен Африка елдерінің тарихы.

Постреквизит: Азия мен Африка елдерінің қазіргі заман тарихы, Еуропа мен Америка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Тулепбаева А.

26.2 Пән атауы: Мемлекеттік мұрағаттар басылымдары (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Мұрағаттар өздері сақтайтын құжаттарды ғылыми жұмыстарда пайдалану үшін оларды тақырыпты сериялық басылымдар және жекелеген жинақтар түрінде жариялайды.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). Келесідей басылым түрлері болады: ғылыми, ғылыми-көпшілік және оқулық.

Ғылыми-көпшілік басылымдар тарихи білімді тарату мен құжаттарды үгіт-насихат мақсаттарына пайдалануға арналған. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының мемлекеттік мұрағаты «Оңтүстік Қазақстан облысындағы мұрағат қызметінің басшылары (1926-2006 жж.)», «Саяси құғын-сүргіндер: шындық пен қауесет: Құжаттар жинағы», «Ташкент қаласы мұрағаттарында Оңтүстік Қазақстан бойынша тарихи көрсеткіштер мен шолу құжаттары», «Түркістан тарихынан: Құжаттар жинағы. Түркістанның 1500-жылдығына (1917-1996)», ҚР Президенттік мұрағаты «Ураз Джандосов: Публицистика мен құжаттар. 2-томдық»

Оқулық түріндегі басылымдар – бұл көбінесе өлке тарихы бойынша хрестоматия, онда жарияланған құжатты материалдар өлкетанулық сипатты материалдарды оқу материалдары ретінде терең зерттеуге арналған. «Исмаилов А. Тұрар Рысқұловтың уақыты мен тағдыры. Көрнекті қайраткерге 110-жылына арналған», «ХІХ-ХХ ғғ. басындағы Қазақстанды орыс зерттеуінің беттері»

Күтілетін нәтижелері Мұрағаттың басты міндеті бүгінгі қоғам мүшелерін ретроспективті құжаттармен таныстыру және оны пайдалану мүмкіндіктерін кеңейту мұрағаттың болып отырады. Оған қол жеткізудің ең тиімді және ыңғайлы түрі мұрағат ісін ақпараттандыру болмақ. Ақпараттандырудың Қазақстандағы бүгінгі күнгі жағдайы, электронды құжаттардың дәстүрлі құжаттарға қарағанда тиімділігі, интернет жүйесінде мұрағат құжаттарын пайдаланудың мүмкіндіктерін пайымдау арқылы Орталық Мемлекеттік Мұрағаттың интернеттегі сайтының қызметіне әлемдегі өзге де мұрағат сайттарымен салыстыра баға беру де маңызды.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Юлдашева Ф.

26.3 Пән атауы: Қазақстан Республикасында мұражай ісі (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан Республикасында музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттеу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақстанда мұражай тарихы 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын мұралар негізінде 1831 ж. Неплбев әскери училищесі жанынан губерниялық мұражай ашылған. Бұл мұралар қазіргі таңда ҚР орталық Мемлекеттік мұражайының негізгі қорын құрауда.

Күтілетін нәтижелері Қазақстан Республикасында қазіргі таңда мұражайлар қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д.Ж.

27.1 Пән атауы: Тарихнама (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Курста антика медиевистика, жаңа және қазіргі заман тарихын бірнеше дәрежеде-жалпыевропалық, ұлттық жекелеген ағымдар және ұлттық тарихнама бағыттарына сай дамып жатқан процесс ретінде қарастырылған.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Антика тарихнамасы. Орта ғасырлар тарихнамасы. Жаңа заман тарихнамасы. Қазіргі кездегі шетел тарихнамасы.

Күтілетін нәтижелері Студент Тарихнама пәнін терең оқып білу арқылы дүние жүзілік тарихи процестің дамуына талдау жасап объективті түрде игереді. Сондай-ақ курсты бітіргеннен кейін студент алынған аналитикалық білімін елдегі ұлтаралық қатынастарды бағалауға, дамытуға және қайшылықты жағдайды шешу бағдарламаларына қолдануға дағдыланады.

Пән бойынша қысқаша сипаттама. Ежелгі Шығыс, Греция және Рим тарихнамасы. Феодализм тарихнамасы. Гуманистік тарихнама. Шетелдердің ерте жаңа

заманының тарихи білімі. Еуропаның тарихи мектептері. XIX ғасырдың философиялық жүйесінің тарихи процесінің интерпретациясы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы тарихи сана және кәсіптік тарихнама. XIX-XX ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихын зерттеу. XX ғасырдағы Еуропа мен Америка елдерінің тарихының тарихнамасы. Тарихи танымдағы революциялар мен дағдарыстар. Шетелдердің жаңа және қазіргі заман тарихы бойынша Қазақстандық тарихнама. XXI ғасырдың басындағы жаңа мәселелер және жаңа тәсілдер.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Жанысбеков А.

27.2 Пән атауы: Отандық мәдениет тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Студенттерге қазақ халқының рухани мәдениетінің құндылықты-мәндік мазмұны мен тарихилығын, бай мұралардың мағынасын, өркениеттік теория тұрғысынан халықтардың мәдени дамуындағы заңдылықтар мен бағыттарды, мәдени жетілу мен трансформацияның маңызын ашып көрсету.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Сақ-үйсін дәуірінің мәдениеті, Ежелгі түркі мәдениеті, Ерте ортағасырлық Қазақстанның мәдениеті, Кейінгі ортағасырлардағы рухани мәдениет, Дәстүрлі қазақ қоғамы, Жаңа кезеңіндегі қазақ мәдениеті, Отарлық кезеңдегі халықтың көркемдік эстетикалық дамуы, Қазақ ағартушылығы және ұлт зиялылары, XX ғасырдағы қазақ халқының мәдениеті.

Күтілетін нәтижелері Отандық мәдениет тарихының кезеңдері. Отандық мәдениет тарихының құрылымы, өзара байланысы. Қазақ мәдениетінің негізгі мәселелері. Ежелгі Қазақстан дәуіріндегі отандық мәдениет. Дәстүрлі қазақ қоғамы. Қазақ жерінен шыққан ұлы ойшылдар және олардың қазақ мәдениетіне қосқан үлестері. Қазақ ақын жырауларының мәдениеттану ғылымындағы орны. Қазақтың музыка өнері. Қазақ ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеті. Жаңа кезеңдегі отандық мәдениет. Қазақ зиялылары олардың Қазақстан тарихында оқытылуы. Тәуелсіз Қазақстанның мәдениеті Пән бойынша алған білімдер жүйесі білім алушыны талапқа сай дағдыларды игеріп іске асыруға дайын болады. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім бағытын қалыптастырып іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: магистр, аға оқытушы Ералиева Ғ.

27.3 Пән атауы: Дүние жүзілік өркениет тарихы (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты «Мәдениет» және «өркениет» ұғымдары, олардың өзара қатынасы. Өркениет мәдениет дамуының белгілі бір сатысы және дәрежесі ретінде. Өркениет-адамның сыртқы, ал мәдениет – ішкі әлемі ретінде. Мәдени-тарихи процестерге байланысты формациялық және өркениеттілік қағидалар.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Әлемдік мәдениеттер мен өркениеттер. Номадалардың ежелгі мәдениеті. Ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер. Әлемдік өркениеттік үрдістер аясындағы қазақ мәдениеті.

Күтілетін нәтижелері Дүние жүзіндегі қалыптасқан барлық мемлекеттер мен адамзат тарихының даму барысындағы ежелгі дәуірден бүгінгі заманға дейінгі барлық халықтардың саяси қоғамдық және мемлекеттік даму жетістіктері мен әлеуметтік экономикалық және мәдени дамуында қол жеткен жетістіктермен материалдық – мәдени мұралардың пайда болуы мен қалыптасуының тарихын зерттеу. Пән әлемнің түрлі аймақтарындағы этно-мәдени тарихи мұраларды зерттеу және зерделеу арқылы адамзат қоғамының қазіргі заманғы өркениет деп аталатын ұғымға сай мұраларын ерекшеліктері

дүние жүзілік тарихи маңызы және басқа да әлемдік дамуға қосқан өркениеттілігі қарастырылады.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Абдиханова А.

28.1 Пән атауы: Қазақстан тарихының түпдеректері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Курстың негізгі мақсаты- деректің табиғатын белгілі бір уақыттағы әлеуметтік жағдайда пайда болған, сол жағдайды бейнелейтін және өзін жасаған субъект туралы мәлімет беретін тарихи таным құралы ретінде зерттеу

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Курстың негізгі мазмұны теориялық дерекпен жұмыс жүргізудің және тарихтың негізі ретінде қарап талдау, сонымен қатар таным құралы ретінде зерттеп, тарихи - әлеуметтік жағдайда қалай пайда болып, сол дәуірді бейнелейтін және өзін жасаған оқиға туралы мәлімет беретін тарихи құбылыс ретінде оқып-білуге арналған.

Күтілетін нәтижелері Деректану теориясы. Тарихи деректерді жіктеу. Қазақстан тарихының деректері. Тайпалық бірлестіктер тарихы жөніндегі түп-деректері. Түркі дәуірінің тұсындағы жазба деректер. Орхон-Енисей жазбалары. Қазақстан тарихы жөніндегі Грек деректемелері. Қазақстан тарихы жөніндегі Қытай, Түрік, Парсы деректері. Қазақ тарихы Орыс зерттеушілерінің жазбаларында қарастырылады.

Пререквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия мен Африка елдерінің жаңа заман тарихы.

Постреквизит: Іс-тәжірибелер, Диплом жұмысы

Оқытушы: аға оқытушы Исмаилов Е.

28.2 Пән атауы: Тарихи өлкетану деректері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Өлкетану пәні, мақсаты, міндеттері мен принциптері. Өлкетанушылық жұмыстың жас ұрпақты өз отанын сүюге тәрбиелеудегі маңызы. Өлкетанудың негізгі салалары. Зерттеу әдістері, негізгі бағыттары. Өлкетанудың ғылым ретінде пайда болуы. Өлкетанудың тарихи қосалқы пәндермен байланысы. Тарихи география мен топонимиканың өлкетануға қосар үлесі. Өлкетану пәнінің Қазақстан тарихында алатын өзіндік орны.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Өлкетанудағы археологиялық және этнографиялық деректердің маңызы. Өлкетанудағы жазба деректер мен ауыз әдебиетінің атқаратын ролі. Демографиялық деректердің өлкетанудағы маңызы. Республикадағы өлкетану жұмысының орталығы-Қазақстанды зерттеу қоғамы. Өлкетанудағы музейлер, архивтер мен ескерткіштерді қорғау қоғамының атқаратын ролі. Қазақстандағы соғыстан кейінгі уақыттағы өлкетанушылық жұмыстардың сипаты.

Күтілетін нәтижелері География ғылымының бір бағыты. Бұл пәнде география ғылымының тарих ғылымымен тығыз байланыстылығы көрсетіледі. Дүние жүзілік мемлекеттердің тарихи ескерткіштерінің географиялық орналасуын көрсетеді. Болашақ мамандарға география тарихын терең білу үшін қажетті әдебиеттер мен қосымша әдебиеттерді пайдалануы, оқу құралдарын, оқытудың жаңа технологияларын қолдануды меңгеріп үйренеді.

Пререквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия мен Африка елдерінің жаңа заман тарихы.

Постреквизит: Іс-тәжірибелер, Диплом жұмысы

Оқытушы: магистр аға оқытушы Мамбетов Б.

28.3 Пән атауы: Тұлға аралық қарым-қатынас (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Тұлға аралық қарым-қатынас пәні, мақсаты, міндеттері мен принциптері. Тұлға аралық қарым-қатынас жас ұрпақты өз отанын сүйуге тәрбиелеудегі маңызы. Тұлға аралық қарым-қатынастың негізгі салалары. Зерттеу әдістері, негізгі бағыттары. Тұлға аралық қарым-қатынас ғылым ретінде пайда болуы. Тұлға аралық қарым-қатынас пәнінің Қазақстан тарихында алатын өзіндік орны.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Жеке тұлға. Тұлға аралық қарым-қатынастардың түрлері мен мазмұны. Адамның белсенді іс-әрекеттері мен олардың дағдылары. Іскерлік мазмұны. Адам және қоғам. Тұлға аралық қарым-қатынастың мәні. Қарым-қатынастың этикалық мәселесі. Тұлғаның іскерлік қатынасы. Адамның белсенді іс-әрекеті. Жеке тұлғаның коммуникациясының мәні. Презентациялау және іскер адамның имиджі. Келіссөз жүргізу статиялары, келіссөз үрдісінің этикалық нормалары. Тұлғалық қарым-қатынас үрдісінде мәдени мінез-құлық этикеті. Адам, жеке тұлға, жеке адам ұғымдарының философиялық мәні.

Күтілетін нәтижелері Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімінің сапасы талаптарына сай қалыптасады. Студент алған білім нәтижесінде пәнді игеріп, осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра біледі.

Пререквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия мен Африка елдерінің жаңа заман тарихы.

Постреквизит: Іс-тәжірибелер, Диплом жұмысы

Оқытушы: Т.Ғ.К., аға оқытушы Тулепбаева К.

2 траектория бойынша өтілетін пәндер 12 кредит (540 сағат)

24.1 Пән атауы: Мұражай ісі (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан Республикасында музей ісі мен тарихын, оларды ұйымдастыру мен қызметтер жүйесін, әдістемесін зерттеу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақстанда мұражай тарихы 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын мұралар негізінде 1831 ж. Неплбев әскери училищесі жанынан губерниялық мұражай ашылған. Бұл мұралар қазіргі таңда ҚР орталық Мемлекеттік мұражайының негізгі қорын құрауда.

Күтілетін нәтижелері Қазақстан Республикасында қазіргі таңда мұражайлар қызметі қоғамдық институт ретінде әлеуметтік, қоғамдық-экономикалық жағдайға сай жүргізілуде.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Тапалов Д.Ж.

24.2 Пән атауы: Мұражайтану мекемелері (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Мұражайтанудың негізгі мақсаты – мұражайтану сақталудағы құжаттар мен экспонаттарды мемлекет пен қоғамның мүддесіне сай ғылыми-мәдени, әлеуметтік-құқықтық және т.б. мақсаттарға пайдалану

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Қазақстанда мұражай тарихы 1830 жылдан басталады. Орынборда жергілікті халықтың тарихы мен этнографиясын мұралар негізінде 1831 ж. Неплбев әскери училищесі жанынан губерниялық мұражай ашылған Мұражай менеджментінің және маркетингінің даму концепциясы. Мұражайлық іс әрекеттің қорлық сақтаушылық және ғылыми ақпараттық дамуы. Мұражайлық іс әрекеттің қорлық сақтаушылық және ғылыми ақпараттық дамуы. Мұражай қорлық кешендеу тұжырымдамасын сараптаулар, “өзін-өзі тану”, олардың рөлін және орнын түсінудің жаңа жолдарын табуға есептелген жоба. Қарым-қатынастық қызмет-қазіргі мұражай негізі. Экспозициялар жүйесінің дамуы. Экспозициялармен жұмыс. Мұражай кешенінің келешектегі дамуы мен мәртебесі

Күтілетін нәтижелері Мұражай ғылымның, білімінің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи санасының қалыптасуына ықпал етеді.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Юлдашева Ф.

24.3 Пән атауы: Мұражай ісінің теориясы. (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Студенттерге әр кезеңдегі мұражай ісінің дамуының ерекшеліктері туралы жалпы мағлұмат беру мұражайтану саласындағы заңдар және негізгі нормативтік әдістемелік құжаттармен таныстыру; мұражайлық құқық, менеджмент және маркетинг мәселелерінде студенттердің танымын кеңейту;

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) ХХ ғ 20-40 жж мұражай ісінің дамуы. Мұражай ісінің дамуы. Қазақ жерінде пайда болған алғашқы мұражайлардың рөлі. Орталық мемлекеттік мұражай. Мұражайлардағы мәдени мұра. Мәдени мұра. Фольклордың этнографиямен байланысы. Мұражай халық мұрасы. Тарихи жыр-аңыздардың маңызы. Мұражай концепциясының негізгі коммуникациялық ережелері. Ережелері, рөлі. Коммуникациялық ережелердің жағдайаттары мұражай дамудың және мұражайлық салт-дәстүрдің коммуникациясының дамуындағы рөлі. Мұражай қызметінің әлеуметтік ортасы.

Мұражай маркетингі. Мұражай менеджментінің және маркетингінің даму концепциясы. Мұражайлық іс әрекеттің қорлық сақтаушылық және ғылыми ақпараттық дамуы. Мұражайлық іс әрекеттің қорлық сақтаушылық және ғылыми ақпараттық дамуы. Мұражай қорлық кешендеу тұжырымдамасын сараптаулар, “өзін-өзі тану”, олардың рөлін және орнын түсінудің жаңа жолдарын табуға есептелген жоба. Қарым-қатынастық қызмет-қазіргі мұражай негізі. Экспозициялар жүйесінің дамуы. Экспозициялармен жұмыс. Мұражай кешенінің келешектегі дамуы мен мәртебесі.

Күтілетін нәтижелері мұражайлық құқық, менеджмент және маркетинг мәселелерінде студенттердің танымын кеңейту.

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлкетану, мұражайтану.

Постреквизит: тарихи мәдени ескерткіштерді қорғау.

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Жанысбеков Ә.

25.1 Пән атауы: Деректану (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Курстың негізгі мақсаты- деректің табиғатын белгілі бір уақыттағы әлеуметтік жағдайда пайда болған, сол жағдайды бейнелейтін және өзін жасаған субъект туралы мәлімет беретін тарихи таным құралы ретінде зерттеу

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Курстың негізгі мазмұны теориялық дерекпен жұмыс жүргізудің және тарихтың негізі ретінде қарап талдау, сонымен қатар таным құралы ретінде зерттеп, тарихи - әлеуметтік жағдайда қалай пайда болып, сол дәуірді бейнелейтін және өзін жасаған оқиға туралы мәлімет беретін тарихи құбылыс ретінде оқып-білуге арналған.

Күтілетін нәтижелері Деректану теориясы жеке ғылым ретінде. Деректанудың теориясы тарих білімінің жеке саласы. Деректану теориясы. Деректанудың негізгі методологиялық принциптері. Тарихи деректерді жіктеу мәселелері. Зерттеушінің деректермен жұмыс істеу кезеңдері. Мерзімдік басылым тарихи дерек ретінде. Жеке текті деректер. Статистикалық деректер. Қазіргі кезеңдегі тарихи деректер жөнінде біліктілігін арттыра біледі.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: магистр, аға оқытушы Ералиева Ғ.

25.2 Пән атауы: Тарихты оқытудағы жаңа технологиялар (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты : тарихи оқыту әдістемесі пәнін оқыту арқылы тәуелсіз еліміздің тарих ғылымының дамуына, мектепте тарихты оқытудың әдіс-тәсілдерін меңгерту. Тарихты оқыту әдістемесі тарихтың құрамдас бөлімі болып табылады. Әдістемені оқыта отырып, мектепте тарихты оқытудың қыр-сырын, студенттің педагогикалық ізденісін туғызу.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Тарихты оқытудағы жаңа технологиялар. Деңгейлеп оқыту, Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиялары, Модульдік оқыту, Сын тұрғысынан ойлауды дамыту, Ойын арқылы оқыту, Жаңа педагогикалық технологияның ерекшеліктері (Ш.Т.Таубаева мен Б.Т.Барсай бойынша) Ынтымақтастық педагогикасы. Білім беруді ізгілендіру технологиясы (Ш.А.Амонашвили) Ойын арқылы оқыту технологиясы. Проблемалық оқыту технологиясы. Тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов бойынша). Түсіндіре басқарып -оза оқыту технологиясы (Лысенкова С.Н.) Деңгейлік саралап оқыту технологиясы Оқытудың компьютерлік технологиясы. Дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, Л.В.Занков, В.В.Давыдов) Деңгейлеп оқыту технологиясы (Ж.Қараев) Сын тұрғысынан ойлау технологиясы (Ф.Я.Вассерман) Жобалап оқыту технологиясы.

Күтілетін нәтижелері Әлемдік білім жүйесіндегі технологиялық үрдіс. Білім үрдісіндегі “технология” ұғымы Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялардың негізгі сипаттамалары. Жалпы білім беретін мектептердегі инновациялық технологиялар. “Технология” ұғымы Технологияның анықтаушы критерийлері Негізгі педагогикалық технологиялардың сипаттамаларына талдау жасалынады.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: магистр, аға оқытушы Мамбетов Б.

25.3 Пән атауы: Электронды үкімет (2 кредит, 90 сағат)

Оқытудың мақсаты Электрондық үкіметті қалыптастыру принциптері, электронды үкіметтерді қалыптастыруға сілтемелер жасау.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Электронды үкіметті қалыптастыру ортасындағы мемлекеттік саясаттың стратегиясымен негізгі принциптері электронды үкіметті құру бағытындағы халықаралық өзара әрекеттесу электронды үкіметті қалыптастырудың мүмкін жолдары, электронды үкіметке өтуге дайындықты бағалау.

Күтілетін нәтижелері Электронды үкіметті құру бағытындағы халықаралық өзара әрекеттесу электронды үкіметті қалыптастырудың мүмкін жолдары, электронды үкіметке өтуге дайындықты бағалау.

Пререквизит: Этнология, Қосалқы тарихи пәндер.

Постреквизит: Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты және халықаралық қатынастар тарихы

Оқытушы: аға оқытушы Исмаилов Е.

26.1 Пән атауы: Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік мұрағаттардағы құжаттық материалдар (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан Республикасындағы мұрағаттық іс мемлекеттік тұрғыда саяси, ғылыми, құқықтық және практикалық мәселелерді қарастырады. Қазақстан Республикасындағы мұрағат дегеніміз тарихи құжаттарды сақтайтын өткен өмірдің деректі ескерткіші

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Мұрағаттану - мұрағат пайда болу заңдылықтарын зерттейтін ғылыми пән, оған мұрағат ісінің теориясы мен практикасы,

мұрағаттардың құрылымы, қызметі мен тарихы, ғылыми мәні бар құжаттардың іріктелініп алынып, сақталуын қамтамасыз етудің әдістері мен жолдарының, құжаттардың ғылыми-анықтамалық аппаратын жасаудың, мұрағат қорларын пайдалануды ұйымдастырудың негізгі принциптері жатады.

Күтілетін нәтижелері Мұрағат жергілікті материалдарын пайдалана отырып, студенттердің туған ел тарихына құштарлығын арттыру

Пререквизит: Қазақстанның ежелгі тарихы, тарихи өлке тану, мұражай тану.

Постреквизит: Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Абдиханова А.

26.2 Пән атауы: Мұрағат қызметінің тарихы (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Мұрағат қызметінің тарихы – мұрағаттарда сақталудағы құжаттарды мемлекет пен қоғамның мүддесіне сай ғылыми-мәдени, әлеуметтік-құқықтық және т.б. мақсаттарға пайдалану. Мұрағат қызметінің дамуы Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдар.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Мұрағат және мұрағат қызметінің даму тарихы. Тенденцияларға сипаттама. Мұрағат және мұрағат қызметінің даму тарихы. Қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени ахуалдар. Мұрағат өзіндік жол іздеулерін, жаңа білімдерге ұмытуларын, жаңа ойлар, рухани құндылықтары. Мұрағаттың жаңа тұжырымдамасын теориялық жағынан негіздеу. Мұрағат ісін дамытудың әдістемелік базасы ретіндегі мұражай коммуникациясының теориясы.

Күтілетін нәтижелері Мұрағат жергілікті материалдарын пайдалана отырып, студенттердің туған ел тарихына құштарлығын арттыру

Пререквизит: Археология. Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы

Постреквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы, Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д.Ж.

26.3 Пән атауы: Мұрағаттық ғылыми ақпараттық даму тарихы. (2 кредит, 90сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан республикасының ұлттық мұрағат қорымен таныстыру, оның жүйелерін үйрету. Қазақстан Республикасындағы мұрағат және мемлекеттік мұрағаттану функцияларымен таныстыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Мұрағаттық іс әрекеттің қорлық сақтаушылық және ғылыми ақпараттық дамуы. Мұрағат қорлық кешендеу тұжырымдамасын сараптаулар, “өзін-өзі тану”, олардың рөлін және орнын түсінудің жаңа жолдарын табуға есептелген жоба. Қарым-қатынастық қызмет-қазіргі мұрағат негізі. 1918-1990 жылдардағы Қазақстанда мұрағат құрылысы. Қазіргі замандағы Қазақстандағы мұрағат ісі. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты. Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағат. Мемлекеттік облыстық мұрағаттар. Мұрағат ісін құқықтық негізде қадағалау. Құжаттарды сақтауды қамтамасыз ету. Құжаттарды есептеу. Ұлттық мұрағат қорын жасақтау және оны толтыру көздері. Ғылыми-анықтамалық аппарат жүйесі.

Күтілетін нәтижелері Мұрағат құжаттарын пайдалану. Мемлекеттік қордың каталогтар жүйесін зерттеп меңгереді.

Пререквизит: Археология. Ежелгі дүние тарихы, Қазақстанның ежелгі тарихы

Постреквизит: Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы, Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы

Оқытушы: Т.Ғ.К., аға оқытушы Тулепбаева А.

27.1 Пән атауы: Қазақ халқының этногенез мәселелері (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты пәнді оқытуда ҚР байырғы халық- қазақ халқының қалыптасуы, дамуы тарихына қатысты ғылыми дәлелді пікірлер жүйесімен студенттерді таныстыру.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Тарих методологиясында субъекттің тану жұмыстары қоғамның әлемдік даму процесінен басқа ғылыми байланыстылығын ғалымдардың тұжырымдарын да бағыт ейтеді. Қазақ этногенезі бүгінде едәуір дамуға қол жеткізген әмбебап ғылымдардың біріккен көмегімен ғана шынайы қорытындылар жасауға қол жеткізе алады..

Күтілетін нәтижелері қазақ халқының қалыптасуында мемлекеттік жүйелердің әсерін, территориялық, саяси тұтастық, шаруашылық, мәдени байланыстарын анықтау болып табылады.

Пререквизит: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы .

Постреквизит: Деректану .

Оқытушы: Т.Ғ.К., аға оқытушы Абдиханова А.

27.2. Пән атауы Қазақстандағы әлеуметтік -демографиялық процестер (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты Қазақстан аумағындағы әлеуметтік -демографиялық процестері ашып көрсету. Халық құрамындағы өзгеріс: әлеуметтік, ұлттық, территориялық. Табиғи қозғалыс: туу, өлу, миграция халықтың орналасуы.. және әлеуметтік -демографиялық саясаттың мәнін ашып көрсету

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Демографияның пәнін, негізгі категорияларын, сандық және сапалық сипатамалары анықтау. Әлемдегі демографиялық факторлар рөліннің артуы. Мемлекеттің демографиялық саясаты. "Демографиялық дүмпу" түсінігі. Халықтың санының артуының негізгі режимдері. Көші-қон процестері, түрлері және адамдардың шектен тыс молаюының объективті және субъективті себептері. Халық санының көбеюінің режимі. Демографиялық коэффициенттер. Халық санағының шығу көзі. ҚР-ғы демографиялық жағдай. Халықтың әлеуметтік-демографиялық жікке бөлінуінің табиғи негіздері: жынысы, жасы. Қоғамның жанұялық-демографиялық құрылымы. Қазіргі қоғамның жыныстық, жас ерекшелік құрылымының аймақтық және ұлттық-этникалық айырмашылықтары. Қоғамның жыныстық, жас ерекшелік құрылымының өзгеруінің қазіргі тенденциялары. Халықтың жас ерекшелік тұрғы-сынан бірігуі (балалар, жастар, пенсионерлер және т.б).

Күтілетін нәтижелері Берілген тарихи кезен аралығында белгілі әлеуметтік қауымдастық ішіндегі әлеуметтік -демографиялық процестері сараптай білу. Мемлекеттегі қандай да бір әлеуметтік топтарды қолдау үшін рационалды демографиялық саясаттың қалыптасуына ықпалы бар екендігін студенттерге ой қалыптастыру

Пререквизиттер: Әлеуметтанудың ғылыми мәртебесі, Қоғамның әлеуметтік жүйелері

Пререквизит: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы .

Постреквизит: Деректану .

Оқытушы: аға оқытушы Исмаилов Е.

27.3. Пән атауы: Қазақ мәдениетінің тарихы (3 кредит 135 сағат)

Оқытудың мақсаты. Бүгінгі таңда әлеуметтік және экономикалық саясаттың нысанасы-адам және оның тұрмысы, еңбегі, отбасы, рухани дамуы, өмір салты болып табылады. Қазіргі таңда төл мәдениетімізді дамыту қоғамда кеңінен көтеріліп жүрген әлеуметтік проблемалардың бірі. Сондықтан жастарға осы пән – мәдениет туралы білім

берудің және тәлім - тәрбие берудің негізгі бір жолы. Ол студенттерді эстетикалық, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары). «Қазақ мәдениетінің тарихы» курсы Қазақстан Республикасындағы қазақ мәдениеті дамуының тарихын ашады. Оның негізіне алғашқы қауымдық құрылыстан бастап қазіргі заманғы кезеңге дейінгі қазақ халқының мәдениетінің қалыптасу кезеңдері жөнінде нақты деректер береді.

Бұл курс Қазақстан тарихымен тығыз байланыста. Берілген оқу курсы алғашқы қауымдық құрылыстан бастап қазіргі кезеңге дейінгі мәдениет тарихын қамтиды

Күтілетін нәтижелері. Халықтың озық әдет-дәстүрлерін кеңінен насихаттау, одан фибрат алуға үндеу, тозық дәстүрлерден аулақ болуға шақыру.

Студенттерді өз туған жерін, елін, ата-баба мұрасын құрметтеуге, өз отбасын сыйлауға, сүйеге тәрбиелеу

Пререквизит: Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы .

Постреквизит: Деректану .

Оқытушы: Т.Ғ.К., доцент Жанысбеков А.

28.1 Пән атауы: Этникалық антропология (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты этнология мен антропология ғылымдарының тоғысуындағы ғылыми білім саласы. Антропологияның жекелеген этностардың морфофизиологиялық ерекшеліктерін зерттейтін бөлімі. Этникалық антропология этностардың шығу салдарын, халықтардың әлеуметтік өміріндегі жағдайлардың рөлі, әлемнің әр түкпіріндегі олардың өмірлік болмысын зерттеумен шұғылданады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Бұл ғылым саласы тарихи шындықты айқындауда өзгеде жаратылыстану мен гуманитарлы пәндердің жетістіктерін, зерттеу әдістері мен тәсілдерін пайдалана берді..

Күтілетін нәтижелері Этникалық антропология талдауы нәтижесінде алынған мәліметтер түрлі тарихи-мәдени кезеңдердегі этностар, нәсілдер арасындағы қатынастарды қалпына келтіруге, папуляциялық генетикаға, этногенезге медициналық географияға т.б. ғылым салаларына қатысты сан алуан мәселелерді шешуге ат салысады

Пререквизит: Этнология

Постреквизит: Өндірістік практика

Оқытушы: магистр аға оқытушы Ералиева Ғ.

28.2 Пән атауы: Этникалық демография (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты этнография мен демография тоғысындағы ғылыми пән. Халықтың немесе ұлыстың өсіп-өнуі ерекшеліктерін, олардың санының серпінін зерделейді..

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Этникалық демография өзінің зерттеулерінде негізінен этникалық статистиканы, халық санағының материалдарын, арнаулы демографиялық және этнографиялық, мәдени-тұрмыстық зерттеу материалдарын, сондай ақ басқа да ғылымдардың материалдарын, соның ішінде социологияның географияның, психологияның, этникалық экологияның, антропологияның, медицинаның зерттеулерін қамтиды. Этникалық демографияның қалыптасуына демографиялық мінез-құлықтың көбінесе халықтың әдет-ғұрпымен байланысты екені, көптеген демографиялық үдерісті этнографиялық материалдарды пайдаланбайынша, демографиялық—статистикалық деректерді белгілі бір ұлысқа байланыстырмайынша мүмкін емес екендігі септігін тигізді.

Күтілетін нәтижелері Этникалық демография әлемнің түкпір-түкпіріндегі тұрғындардың және жекелеген халықтардың жыныстық толысу жасын, некелік байланысқа дейінгі ғұрпын, еркекремен әйелдердегі дәстүрлі некелік жасын, неке мен некесіздікке үстемдік көзқарасы, некелесу шарттары мен оның негізгі нысандарын, отбасының түрлері мен нысандарын, әйелдің отбасымен қоғамдағы жағдайын, ерлі-

зайыптылар арасындағы дәстүрлі қатынастарды, жыныстық ұятты, некеден тыс жыныстық байланыстарға, некесіз туған балаларға көзқарасты, балаға деген иқажетсінуді, перзентсіздікке, баланың аздығына дәстүрлі көзқарасты ескертеді.

Пререквизит: Этнология

Постреквизит: Өндірістік практика

Оқытушы: т.ғ.к., доцент Тапалов Д.Ж.

28.3 Пән атауы: Этникалық процестер (3 кредит, 135 сағат)

Оқытудың мақсаты этникалық қауымдастықтардың өзгеруіне алып келеді. Қоғамда түрлі жағдайлар әсерінен пайда болған этникалық процестерді этноэволюциялық және этнотрансформациялық деп бөлуге болады.

Қысқаша мазмұны (негізгі тараулары) Этноэволюциялық процесс бойынша этникалық қауымдастықтар элеуметтік-экономикалық жағынан дамиды да көрші халықтармен байланысқа түсе отырып, мәдениет пен тұрмыстың өзгеруіне алып келеді. Этнотрансформациялық бойынша этникалық қауымдастықтар немесе олардың жекелеген бөліктері басқаларға қосылады да, этникалық санасыөзгеріске ұшырайды. Мұндай жағдайда көбінесе бір этнос жойылып, басқасы қалыптасады. Оған консолидациялық үрдістер мен этностар аралық интеграциялар жатады.

Күтілетін нәтижелері Этникалық процестер барысында көп ұлтты мемлекеттерде дамиды және халықтардың өзара кірігуіне, жекелеген ұлттардың басым болуын зерттеу. Бірқатар ұсақ халықтардың өз мәдениетін, тілін, ділін жоғалтып, бойына өзге ірі ұлттардың нышандарын сіңіру процесін зерттеу.

Пререквизит: Этнология

Постреквизит: Өндірістік практика

Оқытушы: т.ғ.к., аға оқытушы Тулепбаева А.